

«Абай атындағы мамандандырылған қазақ мектеп-гимназиясы» КММ ата-аналар мен оқушыларға Солтүстік Қазақстан облысының Полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының жадынамасына көңіл бөлулеріңізді сұрайды. Отбасында балалармен осы мәселе бойынша түсініктеме жұмыстарын жүргізуді ескертеді.

**Солтүстік Қазақстан облысының
Полиция департаменті
Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы**



- 1.Нашақорлық - әлеуметтік проблема!
- 2.100 адамнан 5-уі ғана есірткі тәуелділігінен айыға алады;
- 3.Қазақстан есірткіден болатын өлім-жітім бойынша әлемдегі 93 елдің ішінде 33 орында;
- 4.Заман қаупі - синтетикалық есірткі;
- 5.Синтетикалық есірткі – жастарды улауға бағытталған;
- 6.Синтетикалық есірткі интернет желісінде «жасырын» байланыссыз тәсілмен таратылады;
- 7.Есірткі заттарын таратқаны үшін заңмен 10 жылдан 20 жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделген.

Интернетте бейтаныс аккаунттан жылдам ақша табу туралы хабарлама келді ме? Курьер немесе жеткізуші болуды ұсынды ма?
Немесе «Telegramm»-дағы топқа қосып, есірткі ұсынса – хат алмасудан аулақ болыңыз, Сізге ұсынылған шарттарды орындамаңыз!

Бізге кез-келген өзіңізге ыңғайлы жолмен хабарласыңыз

☎ **39-41-93** 📞 **8-707-500-96-65** 📷 **@upn_dp_sko**

Үнсіз қалмаңыз!
Азаматтық ұстанымыңызды көрсетіңіз!
Адам өліміне әкелетін затты қайда сататыны туралы хабарлаңыз!

Өзіңіздің және балаңыздың өмірі үшін жауапкершілікті мемлекеттік органдарға жүктеу мүмкін емес. Өйткені, бұл мәселеде бастысы – жеке қырағылық пен парасаттылық қажет!

Ескертпе: жеке тұтыну мақсатында сатып алған есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді, прекурсорларды өз еркімен тапсырған не есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді медициналық емес мақсатта тұтынуына байланысты медициналық мекемеге өз еркімен барған не есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестердің, прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты қылмыстарды ашуға немесе олардың жолын кесуге, қылмыс жасаған адамдарды әшкерелеуге, қылмыстық жолмен табылған мүлікті анықтауға белсенді ықпал еткен адам қылмыстық жауапкершіліктен босатылады.